

# С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университеті

ДӘРІГЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫ,  
ҮРДІСІ, КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ

КОММУНИКАТИВТІК

---

Орындаған: Алмазқызы

А.

Тексерген: Мадалиева

С.

Алматы 2015

Г.

Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Дәрігер	Доктор	Doctor

**МЕДИЦИНА**(ЛАТ. *MEDICINA: MEDICUS* — ДӘРІГЕРЛІК, ЕМДІК) — АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ МЕН НЫҒАЙТУ, СЫРҚАТТАРДЫ ЕМДЕУ МЕН АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ, ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ҚАБІЛЕТТІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА, АДАМЗАТ ҚОҒАМЫНДА ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУГЕ ЖЕТУДІ КӨЗДЕЙТІН ТӘЖІРИБЕЛІК ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ БІЛІМДЕРДІҢ ЖҮЙЕСІ.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Дәрігер	Доктор	Doctor

*Дәрігер*- аурудың алдын алу және ауруларды емдейтін тұлға. Олардың білімдері мен дағдылары халықтың денсаулық сақтау және нығайтуға арналатын, медициналық практикамен айналысуға тиісті уәкілетті адам. Сондай-ақ дәрігер - тиісті мамандық бойынша медициналық дәрежесін алған тұлға.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Коммуникативті дағды	Коммуникативные навыки	communication skills

*Коммуникативтік дағдылар* – дәрігердің жұмыс барысына байланысты басқа субъектілермен (адамдармен, науқаспен, оның жақындары және туысқандарымен, әріптестерімен, т.б) тиісті дәрежеде қарым-қатынас жасай отырып, медициналық жәрдем шараларының тиімділігі мен нәтижесін арттыру.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Субъект	субъект	Subjectum

**Субъект** (лат. *subjectum* — бастауыш) — 1) Болмысты тану мен өзгертудің қайнары ретіндегі индивид немесе топ; белсенділікті жеткізуші. Субъект индивид немесе топ іс-әрекетті танудың және өңдеудің негізі ретінде; іс-әрекеттік белсенділіктің тасымалдаушысы. Барлық көріністерімен бірге идеализм субъектінің белсенділігінің қайнарын оның өзінде деп біледі. Өзара қарым-қатынас жасау үшін, кем дегенде екі адам болуы қажет, олардың әрқайсысы субъект ретінде саналады





Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Психология	Психология	Psychology

**Психология** — адамның жеке бірлік ретіндегі психикасын, өзінің сан–алуан сезім, аффективтік, интеллектуалды, басқа да туа біткен функцияларымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетін зерттейтін ғылым, кей-кезде адам мінез-құлығын зерттеу деп те анықталады. Қыруар тараулары теориялық және практикалық бағыттарды қарастырады, қолданбалы бағыттары да сан алуан: терапевттік, қоғамдық, кәсіпкерлік, кей жағдайда саясаттық және теологиялық.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Қарым-қатынас	Связи	Connection

**Қарым-қатынас<sup>[1]</sup>** – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.<sup>[2]</sup>

Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Сенім	Уверенность	confidence

*Сенім* — адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі. Қажеттіліктерін орындау жолында адам дүниетанымдық көзқарасында, табиғат пен әлеумет заңдылықтары жөніндегі ұғымдарына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып іс-әрекет жасайды. Адамның адалдығына сеніп, оны құрметтей білу — әдептілік. Сол сияқты бүкіл әлемге жақсылық ойлау адамның тұлғалық бейнесі. Адам алдына мақсат қойып, оның нәтижелі орындалуына сенім білдіріп, іс-әрекетке кіріскен кезде ғана, ол жоғарғы нәтижелерге жете алады. Сенім — адамның ақыл-ойын, күшін, еркін, қабілетін жоғарылататын жағымды сезім. Сенім — адамның жігерін арттырып, болашаққа құлшындыратын құбылыс.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Мәлімет	Информация	Information

**Мәліметтер** (данные; data) - автоматты құралдардың көмегімен, кей жағдайда адамның қатысуымен, өңдеуге ыңғайлы түрде берілген мағлұмат. Мәліметтердің кірістік, шығыстық, басқару, проблемалық, сандық, мәтіндік, графикалық және т.б. түрлерін атап өтуге болады.





Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Вербальды коммуникация	Вербальные коммуникации	Verbal communication

*Вербальды коммуникация* – адамдардың қатынасу үшін белгі жүйесі ретінде сөзді қолдануы.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Вербальды емес коммуникация	Невербальная коммуникация	Nonverbal communication

*Вербальды емес коммуникация* – қатынасу үшін тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану (жест, мимика, дауыс ырғағы, көзбен жанасу). өзара мәлімет алмасу арқылы қарым-қатынасқа түскен адамдар сұқпаттаса келе, бірін бірі түсініп, танысады.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Емдеу	Лечение	treatment

ЕМДЕУ, ЕМ-ДОМ- ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БАҒЫТЫНДА  
ЖҮРГІЗІЛЕТІН, ӘР ТҮРЛІ ШАРАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ АТАУЫ



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Күйзеліс	Лечение	depression

**Депрессия** (лат. *depressio* — көңілсіздік, жабыраңқылық) – жабығу, торығу, күйзелу секілді ұғымдарына балама ұғым. Депрессия - көпке созылмайтын, бірақ созылып кетсе невроз немесе психоздың бастауына айналатын түнілу мен пессимизм арқылы бейнеленетін көңіл-күй жағдайы. Стресс үш кезеңнен тұрады:

- 1) *үрейлену* - жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі. Таңырқау іспетті сезім пайда болады;
- 2) *төзімділік* – жағымсыз тітіркендіргіш әсеріне беріліп кетпей, оған төзу реакциясы туады. Бұл кезде гипоталамус-гипофиз жүйесінің ықпалымен бүйрек үсті безінің гормондарының мөлшері қанда тез мөлшерде көбейіп кетеді. Симпатикалық жүйке жүйесінің әсерімен жүректің соғу ырғағы жылдамданады, тыныс алу ырғағы да жиілене түседі. Бұлшық еттердің жиырылу қабілеті күшейеді;
- 3) *әлсіреу* – бейімделу қорының мүмкіндігі азайып, таусылады, сондықтан психологияда дезадаптация (бейімделудің нашарлап жойылуы) пайда болады. Стрестің көпке созылған ауыр түрі адамды жүдетіп қайғыға батырады.





Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Жауапкершілік	Ответственнос ть	Responsibility

**ЖАУАПКЕРШІЛІК<sup>[1]</sup>** — АДАМ БОЙЫНДАҒЫ БЕЛГІЛІ БІР ІСТІ , ӨЗІНЕ ТАПСЫРЫЛҒАН **МІНДЕТТІ** ОРЫНДАП, ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫНАН БАЙҚАЛАТЫН **АДАМГЕРШІЛІК** ҚАСИЕТ; ТҰЛҒАНЫҢ ҚОҒАМДА НЕМЕСЕ ҰЖЫМДА ҚАБЫЛДАНҒАН ӘЛЕУМЕТТІК, ӨНЕГЕЛІ ЖӘНЕ КҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ, БОРЫШ СЕЗІМІНЕ СӘЙКЕС ӨЗ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ. ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН АДАМДА ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТӘРБИЕЛЕУ - ҚАЗІРГІ ЗАМАН ӨЗЕКТІ МАҚСАТЫ. МҰҒАЛІМНІҢ ӨЗІНДЕ ДЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК БОЛҒАНЫ ЖӨН. ЖАУАПСЫЗ МҰҒАЛІМ - БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЕНБЕЙТІН КҰБЫЛЫС; АТА-АНАЛАРДЫҢ ӨЗ БАЛАЛАРЫ ТӘРБИЕСІ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІН БЕЛГІЛЕЙТІН ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ӨНЕГЕЛІ НОРМАЛАР.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Көңіл-күй	Настроение	Mood

**Көңіл күйі**, *көңіл-күй* – адамның психикалық процестерге, барлық қызметіне, соның ішінде оқу материалын меңгеруге әсер ететін эмоционалдық жағдайы. Көңіл күйіне қарап адамдарды: шат, жайдары, көңілді, жылы жүзді, ызбарлы, ызалы, т.б. деп ажыратуға болады. Көтеріңкі көңіл адамға қуат бітіріп, бойын сергітеді, ал уайым-қайғы жүнжітіп, жабырқатып жібереді.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Тыңдау	Слушать	listen

*Тыңдау әдебі, тыңдау этикасы* - өзің сөйлесіп тұрған адаммен мәдениетті түрде сөйлесе білу. Оның сөзін бөлмеу, орынсыз кіналамау, әңгімені басқа тақырыпқа бұрмау.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Диалог	Диалог	dialogue

Диалог – (гр. *διάλογος*) екі не бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы берілетін ауызекі тілдегі ерекше форма.<sup>[1]</sup>

Диалог - ғылымда танымдық процестің іздеген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысы жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Диалогиялық байланыс процесс диалогтің бір жағы ғана басқаның көзқарасын игеріп қоймайды, сонымен бірге өзінің идеяларымен дамытады және байытады, оны анықтайды, түзейді, жақсартады.





Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Бақылау	Следовать	follow

**Бақылау** — зерттеу не тексеру әдісі. Бақылау арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Жоспарда Бақылаудың мақсаты мен міндеттері, объектісі (сабақ, саяхат, лабораториядағы, шеберханадағы, оқу-тәжірибе учаскесіндегі оқушылардың жұмыстары), жүргізу әдісі мен жолдары дұрыс көрсетілуі тиіс.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Мақсат	цель	the goal


**Мақсат** — белгілі бір межеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттің ой-санадағы көрінісі. Мақсат ойлау нәтижесінде болашақты алдын ала болжау арқылы туатын мұрат, ішкі қозғаушы күшті білдіреді. Мақсатқа жету үшін әр түрлі іс-әрекеттер мен қимылдар жасалады. Мақсат түрлері:

1) нақтылы мақсат — іс-әрекеттің тікелей нәтижесі, заттың бейнесі; 2) абстрактілі мақсат — талаптану, яғни жалпыға бірдей игілікті көксеу және соған жету үшін қызмет ету.



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Деңгей	Уровень	level

**ДЕҢГЕЙ** (Уровень; layer, level) — абстракциялы дерексіздік дәреже; иерархиялық құрылым қабаты; осы желімен орындалатын белгілі бір мәселелер кешенін сипаттайтын есептеуіш желі құрылымының логикалық қабаты,



Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Нәтиже	Результат	The Result

*Нәтиже* - іс-шаралар мен оқиғалардың дәйектілігі соңғы салдары сапалық немесе сандық білдірді. Мүмкін нәтижелері артықшылығы қолайсыздықтар, пайда, жоғалту, жеңіске мәні кіреді.

Қажетті мақсатқа сипаттайды, бірақ, мүмкін, әлі нәтижелерге қол емес.



